

КҮШТІ МЕМЛЕКЕТТІ ТҮСІНУДЕГІ ЗАМАНАУИ ҰСТАНЫМДАР: КЕЙБІР АСПЕКТИЛЕР



J.R. TEMIRBEKOV,
PhD, M.S. Náríkbaev atyndaǵy
KAZGUU Ýniversitetiniń Jarua
quyq departamentiniń aǵa
oqytýshysy

Мақалада қазіргі дәуірдегі күшті мемлекетке тән болуы тиіс ерекшеліктер мен сипаттамаларға қатысты кейбір заманауи отандық және шетелдік ғалымдардың саяси-құқықтық ойлары қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде, автордың қорытындысына сәйкес, ХХІ-ші ғасырда күшті мемлекет легитимді қызмет етуі және тұрақты дамуы үшін мынадай негізгі талаптарға сәйкес болуы қажет: құқық үстемдігінің жоғары деңгейі, тиімді және құзыретті басқару, елдің ЖҰӨ-ін реттеу мен бақылауда басым рөлге ие болу, экономикалық дамуды қамтамасыз етуге атсалысу, экономикалық, әскери, ұйымдастырушылық, ақпараттық және адами ресурстарды тез арада жұмылдыруға қабілетті болу.

Тірек сөздер: күшті мемлекет, күшті билік, демократия, құқық үстемдігі, адам құқықтары, азаматтық қоғам, әлеуметтік бақылау, мемлекеттік функциялар, мемлекеттік ықпал ету саласы, ынтымақты қоғам.

Қазіргі уақытта әлсіз, сәтсіз және сәті болмаған мемлекеттер саны жүз жыл бұрын болған мемлекеттердің жалпы санынан асып түседі.¹

Мемлекет рөлін қайта қарауға әкелген оқиғалардың бірі – 2008 жылғы әлемдік қаржы дағдарысы. Бұл дағдарыс мемлекеттің «жаңғыруына» маңызды әсерін тигізді.² Содан бері, 19 ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы Германиядағы ордолиберализм өкілдері зерттеген, нарықтық экономикасы бар күшті мемлекеттіліктің постулаттарына көбірек көңіл бөліне басталды.³

Күшті мемлекет пен қызмет көрсетуші мемлекет арасындағы айырмашылық бар екенін атап өткіміз келеді (мысалы, «азаматтар үшін үкімет» үлгісі). Қызмет көрсетуші мемлекет теориясына сәйкес, бұндай мемлекет, күнделікті, тұрмыстық мәселелердің шешілуін қамтамасыз етуге көңіл бөледі. Ал күшті мемлекет, өтпелі кезең-

© J.R. Temirbekov, 2019

¹Қапа: Hanlon Q. State Actors in the 21st Century Security Environment. P. 11. <http://www.strategycenter.org/wpcontent/uploads/2011/07/State-Actors-21st-Century.pdf> (accessed 30.04.2013).

²Қапа: Bonefeld W. Free Economy and the strong state : Some notes on the state / Bonefeld, Werner. In: Capital & Class, 2010. Vol. 34, № 1. P. 15.

³Қапа: Bonefeld W. Freedom and the Strong State: On German Ordoliberalism // New Political Economy. 2012. № 17. P. 633-656.

де жиі пайда болатын ұлттық маңызы бар мәселелерді тиімді шешуге бағытталған. Қызмет көрсетуші мемлекетте әлеуметтік коммуникацияның басты бағыты- «төменнен жоғары»: жеке тұлғадан үкіметке қарай бағытталған, ал күшті мемлекет моделінде – «жоғарыдан төменге» – үкіметтен индивидтерге қарай бағытталады.⁴

Күшті мемлекеттің кейбір қырлары

Заманауи уақытта күшті мемлекет идеясы кеңінен танымал болып, ғаламдық ғылыми қауымдастықта күшті мемлекеттің негізгі сипаттамалары туралы пікірталас жүріп жатыр.

Кейбір ғалымдардың айтуынша, күшті мемлекет – қоғамның барлық топтарымен (соның ішінде саяси және экономикалық элитамен) заңның нақты сақталуын қамтамасыз ете алатын мемлекет. Мәселен, мемлекеттің рөлі мен орны туралы өз көзқарасын қайта қарастырған (күшті мемлекет пайдасына) белгілі саясаткер Фрэнсис Фукуяма (*Francis Fukuyama*) пікірінше, мемлекет күші мен мемлекет ықпалының аясы түсініктерін бөліп қарастыру қажет. Мемлекеттің күші келесі құбылыстарға тікелей байланысты: «саяси бағыттарды қалыптастыру және іске асыру мен заңдарды жасау; тиімді және минималды қағазбастылықпен басқару; алаяқтық, сыбайлас жемқорлық пен паракорлықты бақылау; мемлекеттік органдардың ашықтығы мен жауапкершілігінің жоғары деңгейін ұстап тұру; және, ең бастысы, заңдарды іске асыру».⁵ Ал мемлекет ықпалының аясы маңыздылығы бойынша екінші орында және ол үкіметке жүктелген функциялар мен міндеттердің жиынтығын білдіреді.⁶ Ұқсас көзқарасты ресейлік ғалым П.В. Анохин ұстанады: «Құқықтық тұрғыдан күшті мемлекет, ең алдымен, барлық жағынан заңи нормалардың ұйғарымдарын барлық құқықтық қатынастар субъектілерінің қатаң орындаулары мен сақтауларына жағдайларды жасауға қабілетті мемлекет».⁷ Мұндай ойлар ежелгі Қытайдағы легизмнің негізін қалаушы Шан Янның мемлекетке деген көзқарастарымен ұқсастығы бар сияқты. Өздеріңіз білетіндей, оның ойынша, күшті мемлекет құру үшін тиімді және нәтижелі заңдар арқылы мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету қажет. Айта кету керек, заңдарды қорғауға қатысты фанатикалық көзқарас қасіретті салдарға алып келуі мүмкін (тарих көрсеткендей, мемлекеттің полицейлік, кейін тоталитарлық мемлекетке айналып кеткен кездері де болған).

Әрине, заңдар тиімді түрде жүзеге асырылатын мемлекетте тәртіп пен қауіпсіздік орнайды, мұндай мемлекет қоғамы көптеген ішкі қауіптерден негізінен қорғалған болады. Бірақ қазіргі заманғы әлемде, халықаралық құқық қағидаттары күн сайын бұзылып жатқан жағдайда, әлемде лаңкестік пен экстремизм кеңейе түскен жағдай-

⁴Қара: Коженко Я.В. Концепции «Сильного» и «Сервисного» государства в контексте модернизации государственного управления в России: общее и отличное // Фундаментальные исследования. 2012. № 3-3. С. 746-747.

⁵Фукуяма Ф. Сильное государство: Управление и мировой порядок в XXI веке: [пер. с англ.] / Фрэнсис Фукуяма. М.: АСТ: АСТ МОСКВА: ХРАНИТЕЛЬ, 2006. С. 26.

⁶Ibidem. С. 21.

⁷Анохин П.В. Концепция "сильного государства": Исторический опыт и проблемы воплощения в условиях современной России: Дис. ... д-ра юрид. наук : 12.00.01 СПб., 2002. С. 304.

да, мемлекеттің, оған тиесілі барлық экономикалық, ұйымдастырушылық, ақпараттық және әскери күшін барынша тез жұмылдыру және толық көлемде пайдалану қабілетінің маңызы күннен күнге артып келеді. Мәселен, кеңестік саяси қайраткер Е.В. Тарле, Сталиннің саяси мәселелер бойынша жеке кеңесшісі,⁸ күшті мемлекеттің белгілерін талдай отырып, «зандылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін, норма шығармашылықты жоғары кәсіби деңгейде жүзеге асыру үшін, ғылыми негізделген саяси бағытты жасау және оны орнықты, тапжылмай және дәйекті іске асыру үшін, ол (*күшті мемлекет – Ж.Т.*) жеткілікті материалдық-қаржылық, биліктік-әкімшілік, әскери-өнеркәсіптік, ұйымдастырушылық, адами, техникалық және технологиялық ресурстарға ие болуы керек».⁹ Тарле мемлекеттің жеткілікті ресурстарға *ие болуы* керек деп санаған. Басқаша айтқанда, Тарленің пікірінше, қоғамның экономикалық, саяси және басқа да мүмкіндіктері мемлекет қызметінде, дәлірек айтқанда, мемлекеттік аппарат қызметінде болулары қажет.

Ресейлік заңгерлер А.Д. Керимов және И.Н. Куксин, күшті мемлекет – «барған сайын күрделеніп жатқан әлеуметтік жүйелерді басқару және әлеуметтік процестерді жеделдету үшін әмбебап, көпфункционалды, көп мақсатты және тиімді құрал» екенін атап көрсетеді.¹⁰ А.Д. Керимов және И.Н. Куксиннің пікірлерінше, күшті мемлекет:

1. Елеулі биліктік потенциалға ие болуы қажет;¹¹
2. Бай болуы қажет;¹²
3. Өндіріс құралдарының елеулі үлесін иемденуі қажет;
4. Күш қолдануға реалды монополияға ие болуы қажет;
5. Кең ауқымды әсер ету сферасына ие болуы қажет;
6. Бүкіл халықты жұмылдыруға қабілетті болуы қажет.

Осылайша, Е.В. Тарле, А.Д. Керимов және И.Н. Куксин көзқарастары бойынша, күшті мемлекет – бұл қоғамның қаржылық, экономикалық, ғылыми, техникалық, әскери,

⁸Қара: Сапко И.В. Концепция сильного государства в политической теории Е. В. Тарле // *Власть*. 2012. № 6. С. 87.

⁹*Ibidem*. С. 4.

¹⁰Керимов А.Д., Куксин И.Н. Сильное государство как определяющий фактор общественного прогресса: монография. М.: Норма, ИНФРА-М, 2017. С. 5.

¹¹Бұл аспектегі биліктік әлеует тұжырымдамасына сәйкес күшті мемлекет: «тексерілген, ғылыми негізделген саяси бағытты қалыптастыруға және оны қатаң, тұрақты түрде іске асыруға, нәтижелі басқаруға, қоғамдық үдерістерге қуатты әсер етуге, жоғары кәсіби деңгейде норма шығармашылықты жүзеге асыруға және заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге, бақылау функцияларын жүзеге асыруға және сол сияқты, – бір сөзбен айтқанда оның қабылдаған барлық биліктік шешімдерін толықтай іске асыруға мүмкіндік беретін жеткілікті материалдық және қаржылық, әкімшілік, әскери, ұйымдық, адамдық, ақпараттық, коммуникативті, техникалық-технологиялық және басқа да ресурстары болуы керек». Керимов А.Д., Куксин И.Н. Сильное государство как определяющий фактор общественного прогресса: монография. М.: Норма, ИНФРА-М, 2017. С. 73.

¹²Айтпақшы, Фрэнсис Фукуяма былай дейді: «Дәуірдің басында Батыс Еуропаның көптеген елдерінің және Америка Құрама Штаттарының мемлекеттік секторы жалпы ұлттық өнімнің 10 пайызын ғана тұтыған, ал 1980 жылдары ол көрсеткіш 50 пайызға дейін жетті (демократиялық әлеуметтік Швецияда – 70 пайыз)». Фукуяма Ф. *Op. cit.* С. 16.

¹³Қара: Desch M. War and strong states, peace and weak states? // *International Organization*. 1996. Vol.

ұйымдық және адами әлеуетіне ие мемлекет. Әрине, егер мемлекет өзінің материалдық және материалдық емес ресурстарын пайдалана алмайтын болса, ондай мемлекет күшті болуы мүмкін емес. Біздің ойымызша, бұл жерде өлшем мәселесі маңызды. Қоғамның материалдық және материалдық емес мүмкіндіктерін қолдана алу үшін, оларға мемлекеттік бақылау орнату қажет. Егер мемлекет қоғамның барлық ресурстарын толықтай пайдалана алатын болса, онда қоғамды бақылау деңгейі өте жоғары болуы қажет, яғни, мемлекет белгілі бір мөлшерде тоталитарлық болуы керек.

Американдық ғалым Майкл Деш (*Michael Desch*) күшті мемлекеттің тұжырымдамасында оның әрекет аясы мен ондағы ынтымақ деңгейі түсініктерін бөліп қарастырады. Әрекет аясы бойынша ол «минималды» және «максималды» мемлекеттерді айқындайды. Минималды мемлекеттерде тек үш нәрсе бар: ішкі тәртіп, сыртқы қорғаныс және қоғамдық инфрақұрылым. «Максималды» мемлекет қосымша сот төрелігін, ресурстарды қайта бөлу және инфрақұрылымның тиімді дамуын қамтамасыз ете алады. Ынтымақтастық деңгейі бойынша мемлекеттерді ауызбірлігі бар және ауызбірлігі жоқ деп бөлуге болады. Күшті мемлекеттерде ынтымақ деңгейі жоғары және олар «максималды» болуға ұмтылады; әлсіз мемлекеттерде ауызбірлік жоқ және олар барған сайын «минималды» бола береді.¹³

Ынтымақ аспектісіне қатысты, әдетте, әлсіз мемлекеттер әлі ашық түрде зорлық-зомбылыққа айналмаған немесе әлі толық айналмаған этникалық, діни, тілдік немесе басқа қауым аралық шиеленістердің бар болуымен сипатталады. Ал күшті мемлекеті бар қоғамның саяси жүйесінде толық басымдыққа мемлекеттің өзі ғана ие, сондықтан басқа саяси беделі бар топтар арасында конфликттер (*мемлекеттік билік орны үшін – Ж.Т.*) болмайды.¹⁴

Ауғанстандағы қайғылы тәжірибенің негізінде күшті мемлекет құбылысын зерттеген пәкістандық ғалым Мали Қасым Мұстафа (*Mali Qasim Mustafa*) ой тұжырымы бойынша мемлекет күшінің өлшемі: әкімшілік бақылау, қоғамдық ресурстарды басқару, адами капиталға инвестиция салу, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін нақты бекіту, инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, нарықты қалыптастыру, мемлекеттік активтерді басқару, халықаралық қатынастар және құқық үстемдігі болып табылады.¹⁶

Доктор Куэрин Ханлонның (*Querine Hanlon*) айтуынша, бүгінгі әлем мемлекеттердің бірнеше түрлерінен тұрады – күшті, әлсіз, сәтсіз (*failing*) және сәті болмаған (*failed*).¹⁷

50. № 2. P. 241.

¹⁴Қапа: Rotberg R. The Failure and Collapse of Nation-States: Breakdown, Prevention, and Repair // When States Fail: Causes and Consequences. Princeton University Press, 2003. P. 4. <http://press.princeton.edu/chapters/s7666.pdf> (18.12.2018).

¹⁵Қапа: Heper M. The State and Interest Groups with Special Reference to Turkey // Strong State and Economic Interest Groups: The Post-1980 Turkish Experience. Berlin: Walter de Gruyter, 1991. P. 6.

¹⁶Қапа: Mustafa M.Q. The Responsibility to Protect a Fragile State: A Case Study of Post Intervention Afghanistan. http://catalogo.casd.difesa.it/GEIDEFile/THE_RESPONSIBILITY_TO_PROTECT_A_FRAGILE_STATE%C3%8A_A_CASE_STUDY_OF_POSTINTERVENTION_AFGHANISTAN.HTM?Archive=191548091972&File=THE+RESPONSIBILITY+TO+PROTECT+A+FRAGILE+STATE%A0+A+C (18.12.2018).

¹⁷Қапа: Hanlon Q. Op. cit. P.1. <http://www.strategycenter.org/wpcontent/uploads/2011/07/State-Actors->

Мемлекеттерді осындай түрлерге бөлудің критерийлері:

1. Өз аумағын бақылау мүмкіндігі;
2. Негізгі функцияларын орындау мүмкіндігі;
3. Мемлекеттік билік легитимділігіне қатысты сын-тегеуріндерге осалдық деңгейі.¹⁸

Басқа бір американдық ғалым күшті мемлекетті келесідей сипаттайды: «Күшті мемлекеттер өзінің аумағын жақсы бақылап, өз азаматтарын толық және сапалы саяси қызметтермен қамтамасыз етеді. Олар халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ, БҰҰДБ адам даму индексі, Transparency International компаниясының жемқорлықты көрсету индексі және Freedom House демократияның даму деңгейі туралы баяндамасы бойынша жақсы көрсеткіштерге ие. Күшті мемлекеттер саяси және қылмыстық зорлық-зомбылықтан қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, саяси және азаматтық еркіндіктерді қамтамасыз етеді және экономикалық өсуге жағдай жасайды. Құқық үстемдігі басымдылыққа ие. Судьялар тәуелсіз. Жолдар жақсы жағдайда. Телефондар жұмыс істейді. Кәдімгі және электрондық пошта өз қызметтерін тиімді атқарады. Мектептер, университеттер мен студенттер көркеюде. Ауруханалар мен емханалар пациенттерге тиімді қызмет көрсетеді. Осылай жалғастыруға бола береді. Тұтастай алғанда, күшті мемлекеттер – қызғанышты бейбітшілік пен тәртіптің орны».¹⁹

Профессор С.Ф. Ударцевтің пікірі бойынша, кез келген мемлекеттің түпкі мақсаты – қоғамның игілігі және оның дамуы. Сондықтан, күшті мемлекеттің мақсаты ішкі және сыртқы қауіпсіздікті, қоғамның дамуы мен өркендеуін тиімді және табысты түрде қамтамасыз ету болып табылады. Мемлекет өзінің мақсатына жету, өз функцияларын орындау үшін жеткілікті күшті болуы керек. Сонымен қатар, мемлекет күшінің құрамдас бөлігі – құқық үстемдігі. Мемлекеттің құқық үстемдігін сақтауы оның күшті болуына оң әсерін тигізеді. Сонымен бірге, мемлекеттің күші қоғамның алдында тұрған міндеттер мен қажеттіліктерге сәйкес болуы керек. Күшті мемлекет қара бастың қамы болып кетпеуі қажет.²⁰

Ресейлік ғалым И.В. Понкин пікірінше, күшті мемлекет – ол тек қана сыртқы агрессияға қарсы тұра алатын мемлекет қана емес, сонымен бірге, нәтижелі, тұрақты және «ақылды» мемлекеттік басқару жүйесі бар мемлекет. Күшті мемлекеттің барлық институттары мен жүйелері сыртқы факторлардың нәтижесінде туындайтын күйзелістер мен өзгерістерге жақсы төтеп бере алады.²¹

Заңгер-ғалым Ж.Д. Бусурмановтың ойынша: «...тиісті өкілеттіліктер мен құралдар жиынтығына ие болатын күшті мемлекет қана заманның сын-тегеуріндерін дұрыс түсініп, оларға адекватты түрде жауап қайтара алады...».²²

Кейбір батыстық ғалымдар мемлекеттің күші мен мемлекеттің қуаты бірдей емес деп санайды. Мысалы, аймақтық қауіпсіздік кешені теориясын әзірлеуші профессор Барри

21st-Century.pdf(30.04.2013).

¹⁸Қара: Ibidem. P. 2.

¹⁹Қара: Rotberg R. Op. cit. P. 4.

²⁰Қара: Ударцев С.Ф. Сильное государство: вопросы теории // Право и государство. 2016, № 2. С. 7, 13.

²¹Қара: Понкин И.В. Сильное государство // Право и государство. 2018, № 1-2. С. 64.

²²Бусурманов Ж.Д. Сильное государство: возвращение к проблеме // Сборник материалов научной конференции «Актуальные проблемы государства и права». 10 декабря 2013 г. / Вып. 2 / Редколл.: Ударцев С.Ф., Наурызбай А.Ж., Жумадилова А.Б. и др. Астана: ТОО «КазГЮУ Консалтинг», 2014. С. 13.

²³Қара: Smith S. Mature anarchy, strong states and security // Arms Control. 1991. Vol. 12. № 2. P. 327-328.

Бузан (*Barry Buzan*) күшті және әлсіз мемлекеттер арасында бір елеулі айырмашылық бар деген ойда. Оның пікірінше, күшті және әлсіз мемлекеттер мен қуаты көп және қуаты аз мемлекеттер арасында айырмашылық жүргізу керек. Яғни, мемлекеттің әлеуметтік-саяси бірлігіне қарай, олар күшті және әлсіз болып бөлінуі мүмкін, ал әскери-экономикалық әлеует деңгейіне қарай қуаты көп немесе қуаты аз мемлекеттер болып жіктелуі мүмкін. Демек, күшті, біраз қуаты аз мемлекеттер (Австрия, Норвегия) және әлсіз, бірақ қуаты көп (Аргентина, Пәкістан) мемлекеттердің болуы мүмкін.²³

Әлеуметтану және күшті мемлекет: ерекше көзқарас

Әлеуметтану тұрғысынан күшті мемлекеттің тұжырымдамасына қатысты түсінік заң ғылымының көзқарасына ұқсамайтындығына қарамастан, әлеуметтанушылардың күшті мемлекетке қатысты ойлары қызық. Мысалы, американдық ғалым Джоел Мигдалдың (*Joel S. Migdal*) айтуынша, мемлекет пен қоғамды арқан тартумен айналысатын екі күшпен салыстыруға болады. Мемлекет қоғамдағы өз позициясын нығайтуға, жоспарларын қоғамның қабылдауын және жүзеге асыруын қалайды. Қоғам, өз кезегіне, мемлекеттің қабылдаған бағытына сәйкес келе бермейтін жазылмаған заңдар бойынша өмір сүреді. Осы жағдайда мемлекеттің күші, ол ие болатын *әлеуметтік бақылау* деңгейімен өлшенеді, яғни, әлеуметтік бақылаусыз экономикалық, әскери, ұйымдастырушылық және адам ресурстарды тиімді жұмылдыру мүмкін емес.²⁴ Басқаша айтқанда, мемлекет өз функцияларын, мақсаттары мен бағдарламаларын тиімді іске асыру үшін қоғамда жеткілікті беделге ие болуы керек.

Өз жұмысында Джоел Мигдал күшті мемлекеттің қалыптасуына себепші бола алатын жағдайлардың тізімін атап өтті:

1. Тарихи сәт.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін, әдетте өз колонияларына қатысты «бөліп ал да, билей бер» саясатын ұстанатын кейбір отаршыл державалар бұндай стратегиясын өзгертті. Ұлыбритания, біртіндеп колониялар үстіндегі бақылаудың азайып бара жатқанын сезіп және Совет Одағының оңтүстікке кеңеюінен қауіптеніп, Палестинада Еврей агенттігін құру туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар, британдық билік Еврей агенттігіне тиімді әлеуметтік бақылауды орнату жолында барлық жағынан көмектесті. Болашақта осындай саясат Израиль секілді күшті мемлекеттің пайда болуында шешуші рөл атқарды.²⁵

2. Әскери қауіп.

Күшті мемлекеттің пайда болуының екінші жеткілікті шарты – сырттан немесе мемлекеттің ішіндегі белгілі бір топтардан елеулі әскери қауіптің болуы. Болашақта әскери қақтығыстардың болмауды да мүмкін, бірақ үкімет әскери қауіп бар деп есептесе жеткілікті. Бұндай жағдай билеушілерді әлеуметтік бақылауды нығайтуға, күшті мемлекетті құруға мәжбүр етеді.

²⁴Қара: Migdal J. Strong societies and weak states: state-society relations and state capabilities in The Third World. Princeton, NJ: Princeton University Press, 1988.

²⁵Қара: Ibidem. P. 272.

²⁶Қара: Ibidem. P. 274-275.

3. Тәуелсіз бюрократтар.

Күшті болғысы келетін мемлекет қызметкерлері осы мемлекетте тұратын әртүрлі топтардан пайда болатын әлеуметтік бақылау нысандарынан бос болулары керек.²⁶ Яғни, мемлекет, қоғамда қабылданған догмаларға сәйкес келмесе де, дамуға көмектесетін жаңа көзқарастар мен пікірлерге ашық болуы қажет.

4. Шебер басшылық.

Елдің көшбасшылығы күшті мемлекетті құру үшін берілген жағдайдан барынша пайда табуы керек. Мемлекеттің жоғарғы басшылығы құзырлы болуы қажет. Бен Гурион, Мао Цзэдун сияқты мемлекеттердің көшбасшылары, негізінен, әлеуметтік бақылауды күшейту және оны пайдалану қабілеттерімен тарихқа танымал болған.²⁷

Күшті мемлекетке деген бұндай көзқарас адам құқықтарын міндетті атрибут ретінде ескермейді. Осыған байланысты, егер әлеуметтік бақылаудың жоғары деңгейі бар кез-келген мемлекет күшті деп есептелсе, онда Зимбабве және Солтүстік Корея сияқты елдер күшті мемлекеттердің қатарына кіре алар еді.

Қорытынды

Яғни, қазіргі заманғы ғылыми қоғамдастықта күшті мемлекетке байланысты түрлі көзқарастар болуы мүмкін. Күшті мемлекеттің жекелеген аспектілері ежелгі философтардың, орта ғасыр ғалымдарының және жаңа заман жұмыстарында зерттелгеніне қарамастан, бұл тұжырымдама жас. Мүмкін, көзқарастардың көп болуы осыған байланысты.²⁸ Дегенмен, заманауи ғылыми әдебиеттерде күшті мемлекет құбылысын түсінуге қатысты бірнеше тәсілдерді атап өтуге болады.

Бірінші тәсіл өкілдерінің пайымдауынша (Ф. Фукуяма, А. Анохин) күшті мемлекет ең алдымен жоғары сапалы және тиімді заңдарды қабылдау мен іске асыру қабілеттілігімен ерекшеленеді. Осындай мемлекетте заңдылық пен құқықтық тәртіп орнайды, сондықтан, жемқорлық пен қылмыс деңгейлері төмен. Мемлекеттің күші, бұл жағдайда, заңдардың орындалуын қамтамасыз ету деңгейімен өлшенеді. Мұндай көзқарастың ерекшелігі – ол мемлекеттің заңдары құқықтық немесе құқықтық емес болуының мүмкіндігін ескермейді.

Екінші тәсіл (Е.В. Тарле, А.Д. Керимов, И.Н. Куксин) мемлекеттің күші мемлекеттің иелігіндегі материалдық және материалдық емес, ұйымдастырушылық, әскери, адами ресурстармен өлшенеді. Демек, мемлекетте мұндай ресурстар неғұрлым көп болса, соғұрлым мемлекет күшті болады. Шынында да, күшті болу үшін мемлекеттің мүмкіндіктері материалдық және басқа ресурстармен қамтамасыз етілуі керек. Кедей және дәрменсіз мемлекет күшті болуы мүмкін емес. Алайда, мемлекеттің ірі материалдық, ұйымдастырушылық және әскери ресурстарға ие болуы олардың қоғам мүддесіне пайдаланатындарына кепілдік бермейді.

Үшінші тәсілдің өкілдері (С.Ф. Ударцев, Ж.Д. Бусурманов, И.В. Понкин, М. Desch, M.Q. Mustafa, R. Rotberg, Q. Hanlon, B. Buzan) әлеуметтік-саяси ынтымаққа, мемле-

²⁷Қара: Ibidem. P. 275.

²⁸Қара: Анохин П.В. Op. cit. С. 6-7.

кеттің өз функцияларын нәтижелі орындауына және құқық үстемдігінің сақталуына ерекше назар аударады. Мұндай көзқарасқа сәйкес, басқалармен қатар, тек билігі толық легитимділікке ие, ынтымақ бар мемлекет қана күшті бола алады. Сонымен қатар, күшті мемлекет өз функцияларын жоғары деңгейде атқарады. Күшті мемлекеттің маңызды элементі – құқық үстемдігі, яғни, меншік құқығының қорғалуының жоғары деңгейі, соттардың тәуелсіздігі, азаматтық және саяси бостандықтарды кепілдіктері. Көріп отырғанымыздай, бұл көзқарастың өкілдері күшті мемлекет үшін өте қатаң талаптар қойып отыр.

Әлеуметтік тәсілді (Joel S. Migdal) бөлек қарастырған жөн. Бұл көзқарасқа сәйкес, мемлекеттің күші, оның қоғамға қатысты әлеуметтік бақылау дәрежесіне тәуелді. Осындай әлеуметтік бақылаудың деңгейі, керек кезде, экономикалық, әскери, ұйымдастырушылық және адами ресурстарды жұмылдыра алу қабілетіне байланысты. Бұл көзқарастың ерекшелігі: негізінен мемлекеттің күші ресурстарды *иеленуге емес*, бірақ бар ресурстарды *жылдам әрі тиімді жұмылдыруға* тәуелді.

Қазіргі заманғы экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, экологиялық және құқықтық мәселелерді шешу үшін күшті мемлекеттің қажет екендігін әлем күннен күнге түсініп келе жатыр. Бірақ ғылыми қоғамдастықта мұндай мемлекеттің қасиеттері мен сипаттары туралы біржақты пікір жоқ. Біздің ойымызша, түрлі пікірлердің болуы, ең алдымен, мемлекеттің өзінің құбылыс ретінде көпқырлылығымен байланысты. Бұған қоса, күшті мемлекетке деген талаптар белгілі мөлшерде дәуірге және сол кездегі әлем мен қоғамда қалыптасқан жағдайларға байланысты.

Заманауи кейбір саяси және құқықтық әдебиеттердегі күшті мемлекет туралы ойларды зерттеу нәтижесінде, ХХІ ғасырда күшті мемлекетке келесі негізгі талаптар қойылатыны анықталды:

Құқық үстемдігінің жоғары деңгейі;

Нәтижелі және құзыретті басқару;

Мемлекеттің ЖҰӨ-ді реттеу мен бақылаудағы негізгі рөлге ие болуы;

Экономиканы дамытуға жәрдемдесу;

Экономикалық, әскери, ұйымдастырушылық, ақпараттық және адами ресурстарын жылдам жұмылдыру қабілетіне ие болу.

Жоғарыда аталған критерийлерге толығымен жауап беретін мемлекет тек ұлттық деңгейде ғана емес, халықаралық деңгейде де күшті болады деп ойлаймыз. Сонымен бірге, кез-келген мемлекеттің күш-жігерінің негізі – халық. Яғни, егер мемлекетте адами капитал деңгейі жоғары болса, ондай мемлекеттің күші де едәуір болады.

Ж.Р. Темирбеков: «Современные подходы к пониманию сильного государства: некоторые аспекты».

В статье рассматриваются политико-правовые взгляды некоторых современных отечественных и зарубежных ученых об основных признаках и характеристиках, которым должно соответствовать сегодняшнее сильное государство. В результате проведенного анализа, автор приходит к выводу, что в ХХІ веке, сильное государство для его легитимного функционирования и устойчивого развития должно отвечать следующим основным требованиям: высокий уровень верховенства права, эффективное и компетен-

тное управление, доминирующая роль в регулировании и контроле над распределением ВВП страны, содействие в развитии экономики, способность быстро мобилизовать экономические, военные, организационные, информационные и людские ресурсы.

Ключевые слова: сильное государство, сильная власть, демократия, верховенство права, права человека, гражданское общество, социальный контроль, функции государства, сфера влияния государства, сплоченное общество.

Zh.R. Temirbekov: «Modern approaches to understanding a strong state: some aspects».

The article discusses the political and legal views of some modern domestic and foreign scholars on the main features and characteristics that today's strong state must correspond to. As a result of the analysis, the author concludes, that in the 21st century, a strong state for its legitimate functioning and sustainable development must meet the following basic requirements: a high level of the rule of law, effective and competent governance, a dominant role in regulating and controlling the distribution of a country's GNP, assistance in economic development, the ability to quickly mobilize economic, military, organizational, informational and human resources.

Keywords: strong state, strong power, democracy, rule of law, human rights, civil society, social control, state functions, the sphere of state influence, solid society.

Библиография:

1. Анохин П.В. Концепция «сильного государства»: Исторический опыт и проблемы воплощения в условиях современной России: Дис. ... д-ра юрид. наук: 12.00.01 СПб., 2002. – 331 с.
2. Бусурманов Ж.Д. Сильное государство: возвращение к проблеме // Сборник материалов научной конференции «Актуальные проблемы государства и права». 10 декабря 2013 г. / Вып. 2 / Редколл.: Ударцев С.Ф., Наурызбай А.Ж., Жумадилова А.Б. и др. Астана: ТОО «КазГЮУ Консалтинг», 2014. – С. 5-13.
3. Иеринг Р. Борьба за право. М.: Издательство Вестника знания, 1912. – 71 с.
4. Керимов А.Д. Сильное государство как определяющий фактор общественного прогресса: монография / А.Д. Керимов, И.Н. Куксин. М.: Норма, ИНФРА-М, 2017. 96 с.
5. Коженко Я.В. Концепции «Сильного» и «Сервисного» государства в контексте модернизации государственного управления в России: общее и отличное // Фундаментальные исследования. 2012. № 3-3. – С. 746-747.
6. Понкин И.В. Сильное государство // Право и государство. 2018, № 1-2. – С. 53-70.
7. Сапко И.В. Концепция сильного государства в политической теории Е. В. Тарле // Власть. 2012. № 6. – С. 86-89.
8. Ударцев С.Ф. Сильное государство: вопросы теории // Право и государство. 2016, № 2. – С. 6-14.
9. Фукуяма Ф. Сильное государство: Управление и мировой порядок в XXI веке: [пер. с англ.] / Фрэнсис Фукуяма. М.: АСТ: АСТ МОСКВА: ХРАНИТЕЛЬ, 2006. – 220 с.
10. Bonefeld W. Free Economy and the strong state: Some notes on the state / Bonefeld, Werner. In: Capital & Class, 2010. Vol. 34, № 1. – Pp. 15-24.
11. Bonefeld W. Freedom and the Strong State: On German Ordoliberalism // New Political Economy. 2012. № 17. – Pp. 633-656.
12. Desch M. War and strong states, peace and weak states? // International Organiza-

tion. 1996. Vol. 50. № 2. – Pp. 240-250.

13. Hanlon Q. State Actors in the 21st Century Security Environment. <http://www.strategycenter.org/wpcontent/uploads/2011/07/State-Actors-21st-Century.pdf> (30.04.2013).

14. Heper M. The State and Interest Groups with Special Reference to Turkey // Strong State and Economic Interest Groups: The Post-1980 Turkish Experience. Berlin: Walter de Gruyter, 1991.

15. Migdal J. Strong societies and weak states: state-society relations and state capabilities in The Third World. Princeton, NJ: Princeton University Press, 1988.

16. Mustafa M.Q. The Responsibility to Protect a Fragile State: A Case Study of Post Intervention Afghanistan. – http://catalogo.casd.difesa.it/GEIDFile/THE_RESPONSIBILITY_TO_PROTECT_A_FRAGILE_STATE%C3%8A_A_CASE_STUDY_OF_POSTINTERVENTION_AFGHANISTAN.HTM?Archive=191548091972&File=THE+RESPONSIBILITY+TO+PROTECT+A+FRAGILE+STATE%A0+A+C (18.12.2018).

17. Rotberg R. The Failure and Collapse of Nation-States: Breakdown, Prevention, and Repair // When States Fail: Causes and Consequences. Princeton University Press, 2003. <http://press.princeton.edu/chapters/s7666.pdf> (18.12.2018).

18. Smith S. Mature anarchy, strong states and security // Arms Control. 1991. Vol. 12. № 2. – P. 327-328.

References (transliterated):

1. Anokhin P.V. Kontsepsiya «sil'nogo gosudarstva»: Istoricheskiy opyt i problemy voploshcheniya v usloviyakh sovremennoy Rossii: Dis. ... d-ra yurid. nauk: 12.00.01 SPb., 2002. – 331 s.

2. Busurmanov Zh.D. Sil'noye gosudarstvo: vozvrashcheniye k probleme // Sbornik materialov nauchnoy konferentsii «Aktual'nyye problemy gosudarstva i prava». 10 dekabrya 2013 g. / Vyp. 2 / Redkoll.: Udartsev S.F., Nauryzbay A.Zh., Zhumadilova A.B. i dr. Astana: TOO «KazGUU Konsalting», 2014. – S. 5-13.

3. Iyering R. Bor'ba za pravo. M.: Izdatel'stvo Vestnika znaniya, 1912. – 71 s.

4. Kerimov A.D. Sil'noye gosudarstvo kak opredelyayushchiy faktor obshchestvennogo progressa: monografiya / A.D. Kerimov, I.N. Kuksin. M.: Norma, INFRA-M, 2017. – 96 s.

5. Kozhenko Ya.V. Kontsepsii «Sil'nogo» i «Servisnogo» gosudarstva v kontekste modernizatsii gosudarstvennogo upravleniya v Rossii: obshcheye i otlichnoye // Fundamental'nyye issledovaniya. 2012. № 3-3. – S. 746-747.

6. Ponkin I.V. Sil'noye gosudarstvo // Pravo i gosudarstvo. 2018, № 1-2. – S. 53-70.

7. Sapko I.V. Kontsepsiya sil'nogo gosudarstva v politicheskoy teorii Ye. V. Tarle // Vlast'. 2012. № 6. – S. 86-89.

8. Udartsev S.F. Sil'noye gosudarstvo: voprosy teorii // Pravo i gosudarstvo. 2016, № 2. – S. 6-14.

9. Fukuyama F. Sil'noye gosudarstvo: Upravleniye i mirovoy poryadok v XXI veke: [per. s angl.] / Frensis Fukuyama. M.: ACT: ACT MOSKVA: KHRANITEL', 2006. – 220 c.

10. Bonfeld W. Free Economy and the strong state: Some notes on the state / Bonfeld, Werner. In: Capital & Class, 2010. Vol. 34, № 1. – Pp. 15-24.

11. Bonfeld W. Freedom and the Strong State: On German Ordoliberalism // New Political Economy. 2012. № 17. – Pp. 633-656.

12. Desch M. War and strong states, peace and weak states? // International Organization.

1996. Vol. 50. № 2 – Pp. 240-250.

13. Hanlon Q. State Actors in the 21st Century Security Environment. – <http://www.strategycenter.org/wpcontent/uploads/2011/07/State-Actors-21st-Century.pdf> (30.04.2013).


14. Heper M. The State and Interest Groups with Special Reference to Turkey // Strong State and Economic Interest Groups: The Post-1980 Turkish Experience. Berlin: Walter de Gruyter, 1991.

15. Migdal J. Strong societies and weak states: state-society relations and state capabilities in The Third World. Princeton, NJ: Princeton University Press, 1988.

16. Mustafa M.Q. “The Responsibility to Protect a Fragile State: A Case Study of Post Intervention Afghanistan.” http://catalogo.casd.difesa.it/GEIDEFile/THE_RESPONSIBILITY_TO_PROTECT_A_FRAGILE_STATE%C3%8A_A_CASE_STUDY_OF_POSTINTERVENTION_AFGHANISTAN.HTM?Archive=191548091972&File=THE+RE_S_PONSIBILITY+TO+P_R_OTECT+A+FRAGILE+STATE%A0+A+C (18.12.2018).

17. Rotberg R. The Failure and Collapse of Nation-States: Breakdown, Prevention, and Repair, // When States Fail: Causes and Consequences. Princeton University Press, 2003. <http://press.princeton.edu/chapters/s7666.pdf> (18.12.2018).

18. Smith S. Mature anarchy, strong states and security // Arms Control. 1991. Vol. 12. № 2. – P. 327-328.



НОВЫЕ КНИГИ

Мониторинг законодательства о юридических лицах: теория и практика применения: Научное издание / Под ред. Ж.У. Тлембаевой. Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2018. – 198 с.

ISBN 978-601-7366-48-3

Настоящее издание посвящено содержанию и результатам правового мониторинга законодательства Республики Казахстан о юридических лицах, проблемам его оценки и эффективности. Основным источником проведенного исследования послужили результаты анализа законодательных актов, проведенных сотрудниками Института законодательства Республики Казахстан в рамках правового мониторинга, направленных в соответствующие государственные органы для учета при подготовке проектов нормативных правовых актов. В издании затрагиваются такие актуальные правовые проблемы, как классификация юридических лиц, правовое регулирование организационно-правовых форм юридических лица, правовое регулирование корпоративных отношений. В работе дается анализ проблем законодательства о юридических лицах и сформулированы предложения, направленные на его совершенствование.

Издание адресовано сотрудникам государственных органов, научным работникам, практикующим юристам, преподавателям, докторантам, магистрантам, студентам юридических вузов и факультетов.